

Қорқыт ата

*Өткенді қастерлеу арқылы,
болашағымызды баянды етеміз.*

Қорқыт (VIII-IX ғғ.) – оғыз-қыпшақ тайпаларының ұлы ойшылы, батагөй абызы, дәулескер күйшісі, келер күнді болжайтын көріпкел данасы.

Ол өмірде болған Сыр бойы мен Сарыарқа алабында ғұмыр кешкен, нақтылы тарихи тұлға. Ата жағынан Қорқыт оғыз тайпасының Қай (Қайыспас) дейтін атасынан тараса, анасы жағынан қалың қыпшақ нағашы жұрты болып келеді. Қорқыттың әкесі оғыз тайпасына белгілі Қара (Қарақожа) деген кісі болса керек. Қорқыт оғыз бен қыпшаққа бірдей басалқылық жасаған кемеңгер. *«Қорқыт батыр емес, абыз (патриарх), халық даналығын бас болып паш етуші және сақтаушы, оның парасатына дүйім жұрт ден қояды»*, – дейді В.В. Бартольд.

Қорқыт ата оғыз-қыпшақ ортасындағы саяси-әлеуметтік мәселелерді шешуде жол көрсетуші бас тұлға. Ол ел ішіндегі жөн-жоралғыны, салт-дәстүрді реттеуші батагөй дана.

Халықтың сыртқы жаудан, ішкі даудан аман болуын қадағалаушы ақылгөй. Дүйім жұрттың көш-қонын, мекен тұрағын, ен-таңбасын, ұран-ұжымын белгілеп отыратын білгір.

Қорқыт ата - түркі халықтарының бәріне ортақ ұлы ойшыл-кемеңгер, жырау, күйші-қобызшы. Ол туралы деректер бізге үш түрлі жолмен жеткен.

- **Бірі** - ел аузындағы Қорқыт туралы аңыз-әфсаналар,
- **Екіншісі** - тарихи шежірелер,
- **Үшіншісі** - «Қорқыт ата кітабы».



Аңыз бойынша, анасы Қорқытты құрсағында үш жыл бойы көтеріп жүріпті. Жылына бір рет толғақ қысып отырады екен. Қорқыт дүниеге келер алдында әлемді үш күн, үш түн бойы көзге түртсе көргісіз қараңғылық басады. Сұрапыл қара дауыл соғып, ел-жұртты қорқыныш сезімі билеген. Осыған орай баланың атын “Қорқыт” деп қойған дейді. “Қорқыт” сөзінің этимол-сын Ә.Қоңыратбаев “құтты адам, құт әкелетін адам” деп көрсетсе, С.Қасқабасов “өмір сарқылды, адам өлді” деген мағынаны білдіреді деп санайды. Е.Тұрсынов түркі халықтарының фольклорына сүйене отырып, “дада, деде” деген сөздерді “насихат айтушы жырау” деп түсіндіреді. В.Жирмунский Қорқыт Атаны магиялық аспап – қобыздың иесі, шаман, абыз ретінде қарастырады.



ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫ— қаһармандық эпос үлгісі, оғыз-қыпшақ дәуірінің жазба мұрасы. ғылымда оның он екі нұсқасы мәлім: **Дрезденде (12 нұсқа)** және **Ватиканда (6 нұсқа)** сақталған. 19 ғ-да бұл жазба ескерткішті зерттеп, аудару ісімен академик В.В. Бартольд айналысып, жеке тармақтарын жариялады. Кейін бұл аударма “Деде Горгуд” (Баку, 1950), “Книга моего деда Коркута” (М.–Л., 1962) деген атпен жарық көрді. Ә.Қоңыратбаевтың аударуымен қазақ тілінде 1986 ж. тұңғыш рет басылды. Әдеби әрі тарихи этник. мұра ретіндегі “Қорқыт Атаның кітабында” қазақ эпосына тән көркемдік кестелермен қатар қазақ тарихы мен мәдениетіне қосатын деректер де мол. Сондай-ақ жазбада оғыз тайпаларының этникалық тегі, этнографиясы, мекені, әлеуметтік жағдайы, т.б. мәліметтер көп сақталған.

Кітаптың 1300 жылдығы 1999 ж. ЮНЕСКО тарапынан халықараралық деңгейде атап өтілді, “Қорқыт ата” энциклопедиялық жинағы жарыққа шықты.



“Қорқыт Атаның кітабы” Қазақстанда М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, Х.Сүйіншәлиев, Н.Келімбетов, М.Жолдасбеков, Ш.Ыбыраев, Т.Қоңыратбай, т.б. еңбектерінде зерттелген.

Осы жылдың 17 сәуірінде Парижде Қорқыт ата кітабының 200 жылдығы атап өтілді. Франция астанасында ЮНЕСКО концерт залында ЮНЕСКО-ның 70 жылдық мерейтойының аясында «Қорқыт ата» кітабының алғаш жарыққа шығуының 200 жыл толуына орай Халықаралық Түркі академиясымен бірлесіп Қазақстан, Әзербайжан, Түркіменстан және Түркияның Тұрақты өкілдіктерімен салтанатты концерт ұйымдастырылды. Шараға жоғары ұйым хатшылығының өкілдері, түркітілдес мемлекеттерден мәртебелі меймандар мен дипломатиялық миссияның және Франциядағы қазақ диаспорасының өкілдері қатысты.



Қорқыт ата кітабы тұңғыш зерттеушісі неміс ғалымы Н.Ф.Диц өзінің "Аталар сөзі" атты түркі мақалдардың жинағында Қорқыттың Оғыз ұрпағынан шыққан, көп халықтардың әулие тұтатынын ескертеді. Зерттеушілердің айтуынша Қорқыт ата кітабы бір жылда жасалған не бір ғана оқиғаға байланысты пайда бола қалған шығарма емес, ол халықтардың ауыз әдебиетінде ғасырлар бойы айтылып келген аңыздар мен жырлар негізінде қалыптасқан. Ол ертеде жыр, ертегі, әңгіме түрінде өмір сүріп келген, кейін біріктіріліп, үлкен бір эпосқа (жырға) айналған. Қорқыт ата кітабы 12 жырдың қосындысы десек, онда он шақты ғасыр ішінде өмір сүрген, он шақты ру, тайпа ұлытарының өткен дәуіріндегі оқиғалар суреттеледі. Жыр оқиғасының бірі Алтайда болса, енді бірі Орта Азия, Жетісу өңірінде немесе Сыр бойында, Сардала мен Кавказда өтіп жатады. Бұлай болуы оғыздардың бір кездерде сол өлкелерді жайлап өткендігіне байланысты еді. Сондықтан Қорқыт ата кітабын бір ел, не бір ғана халық ие боп меншіктей алмайды, онда бірнеше халықтың үлесі бар.

Қорқыт бабамыз асқан күйші ғана емес, қазақ музыкасының, ән-күй өнерінің атасы. Оның шын мәніндегі күйші-композитор болғандығын ел ішінде сақтаған **"Қорқыт күйі"**, "Қорқыт сарыны" атты шығармалары дәлелдейді. Күйші шығармаларында халық пен елдің тағдырын, болашағын ойлап, қамығады, адамдардың қайғы-қасіретіне ортақтасып, мұң-шерін бөліседі. Өмірдің мәні бақытты ғұмыр жайында тебіреніп, тереңнен ой толғайды.

«Қоңыр» күйде қылқобызда орындалатын, өзіне ғана тән, көптеген тәсілдер кездеседі. Бір — бірінен желісі үзілмей сабақтасып жататын бірнеше сарыннан тұрады. Қорқыт күйлерінің көбісі басынан бастап соңына жеткенше екпіні бірнеше рет өзгеріп тұрады. Күй шоқтығы биік, парасат пен адамгершілікке, өмір жайында толғанысқа толы болып келеді.

«Жалпы Қорқыт күйлерінің бір ерекшелігі — ол әуендік байланысы мен бір –бірімен сабақтастығында. Бір күйдегі нақыш –саз, екіншісінде ашық және жасырын түрде де қайталанады»- деп жазады белгілі қылқобызшы М. Жарқынбеков.

«**Қорқыт**» күйі — аса қиын, асқақ күй емес, бірақ ол тыңдаушысын әуендік әсемділігімен, шынайлығымен баурайды.

Көлемі жағынан кішкене, әрі қысқа болғанымен, музыкалық мазмұны жағынан терең болып келеді. Күйінің әуені Желмаяның тұяғының дыбысын, желе жортып шапқандығын естілгендей әсер қалдырады.

Оны қобыздың шанағына керілген теріні сол қол саусақтарымен басып-ашу арқылы әдіс — тәсіл колданса, қобыз үнінен бір ерекше тербеліс дыбыс шығады, ал екінші нұсқада — Желмаяның шабысын тиек арқылы келтіруге болады. Тиекті сол қолдың бас бармағымен сұқ саусақ арқылы басып ашып ойнаса, (педаль) сияқты дыбысты көбейтіп немесе азайтып алуға болады» — деп жазады М. Жарқынбеков.



«Ұшардың ұлуы» күйі

Баяғы заманда бір шаңырақ астында жалғыз ұл бала және ата-анасы өмір сүрген. Баланың өзінің қатты жақсы көрген Ұшар атты иті болады. Бір күні бала өліп қалады да ата-анасы баланы жерлейді. Сол кезде Ұшар жоғалып кетеді. Анасы оны іздеуге барғанда, ол баланың зиратының қасында ұлып жатқанын көреді. Мұны көрген анасы да: Жалғызымнан айрылдым, Қанатымнан кайрылдым, Ұшар, ұшар кә, кә... - деп аңырайды. Иен далада жалғызының артында қалған ана мен иесінің айрылған тазы – екеуі қос мұңлық қосылып күңіренеді. Қорқыттың осы оқиғаға байланысты тебіреніп шығарған күйі "Ұшардың ұлуы" деп аталады.

«Башпай» күйі

Қорқыт Атаның қарындасы болады. Бірде қарындасы оған тамақ әкелгенде, оның башпайы қарындасына тиіп кетеді. Сонда ол «Мені көмгенде, башпайымды сыртқа шығарып көміңдер»,дейді. Бұлай айтқан себебі: ертеде қазақ халқы қызды еркелетіп, оны құрметтеген және оған ер адамның кез келген мүшесі тисе арсыздық деп санап, сол адам өмір бақи ұятта өмір сүрген.

"Әуппай" Бұл күйдің де өзіндік сыры бар. Қорқыт қасиетті кілемін төсеп, су бетінде отырғанда Сырдарияның жағасына бала кетерген бір әйел келеді. Өзі арып-ашқан әйелдің емшегінен сүт шықпай, аш бала уанбай жылай береді. Ол дарияның ортасында ағып келе жатқан Қорқыттан көмек күткендей телміре қарап, баласын: "Әуппай, әуппай",- деп жұбатып тұрады. Сонда қолынан келер қаукары, жәрдем берер халі жоқ күйші:

Айналайын балам-ай,

Жас балаңа алаңдай.

Аш болсаң да, ойында

Аман сақтау балаңды-ай,-

деп тебіреніп, ананың перзентіне деген ыстық махаббатын мәңгі жасайтын күйінің тілімен сөйлеткен екен.

Қорқыт жырларының дені VIII-IX ғасырдағы қыпшақ ұлысы кезіндегі оқиғаларды суреттейді. «Қорқыт» жырларында бүліншіліктің айғағы басым. Бұл оқиға VII ғасырдың басында Сырдарияға арабтардың келуімен байланысты. Сонымен өзінің тегі мен табиғаты ономастикасы мен мифологиясы, тілі мен көркемдік мәні жағынан «Қорқыт» жырлары бүкіл түркі тайпалары эпосының басында тұрады. Онда IX-XI ғасырлардағы Сыр бойында болған оғыз-қыпшақ ұлысының шежіресі мен тарихы басым, ол тайпалық емес, ұлыстық эпос.

X ғасырда бір оғыздардың 12 түрлі эпостық жырларын тудырған Қорқыт көбіне дана ақын, үлкен төкпе жыршы болып көрінеді. Ол халық жетекшісі, көне заман, ру тайпа өсиеттерін сақтаушы.



Қорқыт Ата ескерткіші – сәулет өнерінің айрықша үлгісі. Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы кентінен 18 км жерде, Қорқыт станциясының түбінде (1980). Авторлары – Б.Ә.Ыбыраев, С.И. Исатаев. Қорқыт Ата ескерткіші темір бетоннан жасалған биіктігі 8 метр, 4 тік стеладан тұрады. Әрбір стела әр тарапқа қаратып тұрғызылған құлпытастарға ұқсайды. Жоғары жағы кеңейе келіп, шөміш пішінінде түйісетін стелалар қобыз бейнесін де меңзейді. Түйісер түбіндегі орталық тесігінде 40 металл түтік бар. Олар жел соққан кезде қобыз сарынымен үндес дыбыс шығарады. Аңыздарда айтылғандай, Қорқыт ата мазарында соққан желге үн қосатын қобыз қойылған. Қорқыт Ата ескерткішінің ішкі жағы мәңгілік өмір сырын іздеген Қорқыт атаның киелі желмаясының шартарапқа жол тартқан ізін “Түйе табан” өрнегімен безендірілген. Әрбір стеланың үшкілдене біткен төбесі күмбезге ұқсатылып, ерекше сәулеткерлік композиция шешім тапқан. 1997 жылы ескерткішті қалпына келтіру, жөндеу жұмыстары жүргізілді. Амфитеатр, қонақ үйі, т.б. нысандардан тұратын тұтас архитектуралық ансамбль жасалып, мемориалдық кешенге айналды. 2000 жылы кешен жанынан мұражай ашылды. Оның қорында 700-ге жуық экспонат сақталуда. Мұражай экспозициясында Қорқыт өмір сүрген дәуірдің тарихы мен мәдениеті жайлы мәліметтер беретін материалдар қамтылған.

Қорқыт ата ескерткіші



М.Әуезов: “Ажалды тоқтату мүмкін еместігін мойындағысы келмеген Қорқыт Ата жұрттан безіп, айдалаға, табиғат аясына кетеді, бірақ таулар да, жазықтар да, ормандар да оған өлім күтіп тұрғанын айтады. Содан қорқып, шырғайдан алғашқы қобызды жасап, жер бетінде бірінші болып күй тартады. Сөйтіп өлмеудің амалын өнерден табады”, – деп жазады.

Қазақ аңызындағы Қорқыт Ата бейнесі енді өлімнен қашқан шаман емес, керісінше, өмір үшін күрескен, өлімнен құтылуды қандай бір құдіретті күштен емес, өнерден іздеген, ажалмен айқасқан алып рухани тұлға болып көрінеді. Зерттеушілер өлімнен қашқан Қорқыт Ата философиясын әйгілі шумер эпосы “Гильгамеш туралы жырдағы” Гильгамеш әрекетімен салыстырады. М.Әуезов Қорқыт аңызын адамзатқа от ұрлап әкеліп сыйлаған Прометей туралы грек аңызымен теңестіреді. Тарихи деректер мен ғылыми пайымдауларды түйіндей келе, Қорқыт Атаны исламды әлі толық қабылдамаған түркі тайпаларының мәдени рәмізі деп қарастыруға болады. Аңыз әңгімелерде Қорқыт Ата өзінің желмаясына мініп, халыққа мәңгілік бақыт әкелетін жерұйықты іздеген данагөй ойшыл.

Қорқыт атаға қатысты оқиғалар шежіресі

- 1815 жыл. Неміс ғалымы Х.Ф.Диц Дрезден кітапханасынан “Қорқыт ата кітабының” 12 жырдан тұратын нұсқасын тапқан.
- 1856 жыл. Орыс армиясының офицері И.Макашеев Қорқыт мазарында болып, зерттеу жүргізген.
- 1868 жыл. Ресей археология қоғамының П.И.Лерх басқарған экспедициясының мүшесі М.К.Приоров Қорқыт бейітін алғаш рет суретке түсірді.
- 1925 жыл. Қорқыт әулие басында Әлкей Марғұлан болған.
- 1974 жыл. Қобызшы Мұсабек Жарқынбеков Польшада Қорқыт күйін орындады.
- 1980 жыл. Қызылорда облысы Қармақшы ауданында Қорқыт ескерткіш-кешені ашылды.
- 1985 жыл. Академик Әлкей Марғұланның “Ежелге жыр, аңыздар” кітабы жарық көрді. Ол кітапта Қорқыт жайлы аса мол мағлұмат берілген.
- 1986 жыл. Белгілі ғалым Әуелбек Қоңыратбаев пен Мардан Байділдаевтардың аударуымен “Қорқыт Ата кітабы” тұңғыш рет қазақ тілінде жарық көрді.

Қорқыт атаға қатысты оқиғалар шежіресі

- 1998 жыл. Қызылорда гуманитарлық университеті мен Ы.Жақаев атындағы политехникалық институты қосылып, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті болып қайта құрылды.
- 1999 жыл. Қазан. Анкарада Қорқыт Атаға арналған халықаралық жиын өткізілді.
- 1999 жыл. 7-8 маусым. ЮНЕСКО-ның Париждегі штаб-пәтерінде «Қорқыт ата және жаңа жылдық» атты халықаралық форум болды. Бұл формуға Қорқыт ата университетінің профессоры Болатбек Әбдірәсілов, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Қорқыт мұраларын орындаушы Бекболат Тілеуханов қатысты.
- 1999 жыл. 8 қыркүйек. Қазақстан үкіметі “Қорқыт ата кітабының 1300 жылдығын мерекелеу туралы” қаулы қабылданды.

Қорқыттың нақыл сөздері


- ❖ Қыз ақылды ескермес-ана үлгісін көрмесе
Ұл жарлықап ас бермес-әке үлгісін көрмесе
- ❖ Адам өмірі-қамшының сабындай ғана қысқа екен,досы көп, ұрпақ тәрбилеген ұтады екен.
- ❖ Адам баласы керуен сияқты: тоқтады, көшті де кетті.
- ❖ Өлгендер қайтып келмейді,
Шыққан жан қайтып енбейді.
- ❖ Қанша қалың жауғанмен,
Қар көктемде қалмайды.
- ❖ Гүл жайнаған қалың да,
Қара күзге қалмайды.
- ❖ Құстың қонар жерін су білер,
Малдың барар жерін ну білер.
- ❖ Ескі киімнің биті ащы,
Жетім баланың тілі ащы.

Қорқыттың нақыл сөздері

- ❖ Көк шүйгінін киік білер.
- ❖ Бас аман болса бөрік табылады.
- ❖ Дәулетті ұл – ошақтың қоры,
Дәулетсіз ұл – атаның соры.
- ❖ Ұлдың күні күн емес – атадан мал қалмаса,
Ата малы пұл емес – баста ақыл болмаса.
- ❖ Қанша байлық жисаң да – бұйырғаннан артық жей алмайсың.
- ❖ Тебегеннің таңын сүзеген айырады.
- ❖ Ат жемейтін ащы шөптің шыққанынан шықпағаны игі,
Адам ішпес ащы судың аққанынан ақпағаны игі,
Атасының атын шығармаған жігерсіз ұлдың – туғанынан тумағаны игі.
- ❖ Сауыттың қасиеті – қылышпен ұрғанда,
Аттың қасиеті – жаудан алып шыққанда көрінер.
- ❖ Көп қорқытады, терең батырады.

“Қорқыт ата” туралы кітапхана қорындағы әдебиеттер тізімі:

- Қорқыт ата кітабы. Оғыздардың батырлық жырлары: Эпос / орыс тілінен аударған Ә.Қоңыратбаев, М.Байділдаев. – Алматы: жазушы, 1986 жыл.
- “Қорқыт Ата” энциклопедиялық жинақ: / Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы: “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы – 1999 жыл.
- Жолдасбеков М. Орхон ескерткіштері. – Астана: “Фолиант”, 2001 жыл.
- Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. Жиырма томдық. 5-том. – Астана: Аударма, 2005 жыл.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!